***ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ №7***

***Желтоқсан айы***

***Кіріспе бөлімі:***

*Бірінің артынан бірі сапқа тұру.*

*Денені тік ұстау.*

*Шеңбер бойымен еркін жүру.*

*Құстарға ұқсап жүру .*

*Шеңбер бойымен адымдап жүру.*

*Шеңбер бойымен тұру / шеңберге тұрарда себеттен екіден лента алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау*

*Б. қ.: «Оң-сол» Аяқтары алшақ қойылған , ленталар төменде. басты оңнан-солға қарай бұрып «сол жақ» деп айту, солдан-оңға қарай бұрып «оң жақ» деп айту. /6 рет қайталау/*

*Б. қ.: «Шеңбер жасау» Аяқтары алшақ қойылған , ленталар жанда, лентаны жоғарыдан-төменге, төменнен-жоғарыға иықты айналдыра отырып шеңбер жасау. / 6 рет қайталау/*

*Б.қ.: «Айқастыру» Аяқты алшақ қоямыз. Ленталарды жанға созу. оң қолдағы лентаны сол иыққа апару, сол қолдағы лентаны оң иыққа апару. «айқасты» деп айту. /6 рет қайталау/*

*Б.қ.: «Жасыру» Аяқты алшақ қоямыз. Ленталар белде. Алдыға қарай еңкейіп ленталарды созу «бар» деп айту, артқа шалқайып, ленталарды жасыру «жоқ» деп айту. /6 рет қайталау/*

*Шеңбер бойымен жүру*

Тексерілді 04.12.23ж

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы**: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай- балабақшасы
**Топ**: «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы**: 2 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:**04.12-08.12.2023 оқу жылы
**Топ тәрбиешілері:** Б.Б.Ақтілеу; А.Қ.Елубаева.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 04.12.2023** | **Сейсенбі 05.12.2023** | **Сәрсенбі 06.12.2023** | **Бейсенбі 07.12.2023** | **Жұма 08.12.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | *Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсыалу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу. Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары* | | | | |
| | **«Өз үйіңді тап»** **Мақсаты:**Заттардың түсі бойынша өз бетінше зерттеу **(Танымдық және зияткелік дағдыларды дамыту,сенсорика)** | **«Лего»** **Мақсаты:** Балаларды ойын барысында құрылыс материалдармен таныстыруды жалғастыру. **(Шығармашылық дағдыларды дамыту,құрастыру)** | **«Тазалық»** **Мақсаты:** Жеке бас гигиенасы заттарын атауға үйрету. **(Коммуникатитік дағдыларды дамыту,сөйлеуді дамыту)** | **«Жапалақтап қар жауды»** **Мақсаты:**Қаламды үш аусақпен ұстауға,қолды дымқыл шүберекпен сүртуге,жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін үйрету. **(Шығармашылық дағдыларды дамыту,сурет салу,мүсіндеу, жапсыру)** | **«Үлкен-кіші доптар»** **Мақсаты:** Заттардың көлемі бойынша өзбетінше салыстыруға мүмкіндік беру **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту,сенсорика)** |

<table>
<tr><td rowspan="2">Ата-аналармен немесе баланың бас қазаңды өкілдері мен кеңес, әңгімелесу</td><td colspan="5">Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер</td></tr>
<tr><td>Ата-аналармен әңгімелесу: Ата-аналарға күнделікті күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулық, мінез-құлық ережелері туралы еске салу.</td><td>Отбасылық тәрбие туралы жеке кеңестер беру (ауыз екі, жазбаша түрде)</td><td>Ата-аналарға арнайы буклеттер жасау арқылы кеңес беру : «Отбасым-ортақ мекенім!»</td><td>«Баланың балабақшаға бейімделуі» ата-аналармен жеке әңгімелесу.</td><td>«Тазалық - денсаулық кепілі» мәдени-гигиеналық сақтау дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелер жүргізу.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Балалар дың дербес әрекеті<br>(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды Караужәнебасқалар)</td><td colspan="5">Ойын бұрышындағы ойындар, сурет салу, бояу кітаптары, үстел ойындары( жұмбақтар, домино), дизайн, кітаптарды қарау, табиғат бұрышындағы жұмыс (бөлмеөсімдіктергекүтімжасау)<br>Балалармен жеке жұмыс</td></tr>
<tr><td>«Кім не істейді?»<br>Мақсаты:Қарапайым неғұрлым сұрақтарға жауап беруге,өз ойын айтуға үйрету.<br>(Коммуникативтік дағдыларды дамыту,сөйлеуді дамыту)</td><td>«Вагондарға дөңгелек таңдау»<br>Мақсаты:<br>Заттардың пішіні бойынша өзбетінше салыстыруға мүмкіндік беру<br>(Танымдық және зияткелік дағдыларды дамыту,сенсорика)</td><td>«Қар»<br>Мақсаты:Тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетіне жеңіл жүргізу,жасыру жұмыстарын жасау тәсілдерін үйрету,дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру.<br>(Шығармашылық дағдылады дамыту,сурет салу,жапсыру, мүсіндеу)</td><td>«Әкеге көмектес»<br>Мақсаты:Жазықтықытағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыруға жалғастыру.<br>(Шығармашылық дағдыларды дамыту,құрастыру)</td><td>«Сабын көбіктері»<br>Мақсаты:Сөйлеу кезінде тыныс алуға үйрету.<br>(Коммуникативтік дағдыларды дамыту,сөйлеуді дамыту)</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңертеңгілік жаттығулар **(қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті,физикалық дағдыларын дамыту)**Тұру,жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары.<br>**Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені №7**<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Шеңбер бойымен еркін жүру.Құстарға ұқсап жүру .<br>Шеңбер бойымен адымдап жүру.Шеңбер бойымен тұру / шеңберге тұрарда себеттен екіден лента алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау<br>Б. қ.: «Оң-сол»Аяқтары алшақ қойылған ,ленталар төменде. басты оңнан-солға қарай бұрып «сол жақ» деп айту, солдан-оңға қарай бұрып «оң жақ» деп айту. /6 рет қайталау/<br>Б. қ.: «Шеңбер жасау» Аяқтары алшақ қойылған ,ленталар жанда, лентаны жоғарыдан-төменге, төменнен-жоғарыға иықты айналдыра отырып шеңбер жасау. / 6 рет қайталау/<br>Б.қ.: «Айқастыру» Аяқты алшақ қоямыз. Ленталарды жанға созу. оң қолдағы лентаны сол иыққа апару, сол қолдағы лентаны оң иыққа апару. «айқасты» деп айту. /6 рет қайталау/<br>Б.қ.: «Жасыру» Аяқты алшақ қоямыз. Ленталар белде. Алдыға қарай еңкейіп ленталарды созу «бар» деп айту, артқа шалқайып, ленталарды жасыру «жоқ» деп айту. /6 рет қайталау/<br>Шеңбер бойымен жүру | | | | |
| **Таңғы ас** | **Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау** ( мәдени –гигиеналық дағдылар өзіне-өзі қызмет көрсету;<br>**Еңбек дағдылары** :қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу)<br>**Гигиеналық процедулар** ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану<br>**Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту) | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекеткедайындық** | **«Іздер»**<br>**Мақсаты:** Қаламды үш саусақпен ұстау,жапсыруға қызығушылықты оч\яту,мүсіндеуге арналған | **«Кім?Не?»**<br>**Мақсаты:**Сөз тіркестерін құра білуге үйрету. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту,сөйлеуді дамыту)** | **«Қоянға көмектес»**<br>**Мақсаты:** Заттарды түсі,көлемі бойынша өз бетінше салыстыруға | **«Артикуляция жаттығулар»**<br>**Мақсаты:**Артикулляциялық және дауыс апаратының,сөйлеу кезінде тыныс алу,есту | **«Көк шарлар»**<br>**Мақсаты:** Қаламды қатты қыспай ұстауға,жапсыруға қызығушылықтарын ояту,жұмыстан кейін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | материалдарды қолдану. **(Шығармашылық дағдыларды дамыту,сурет салу,жапсыру, мүсіндеу)** | | мүмкіндік беру **(Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту,сенсорика)** | қабілетінің дамуына ықпал ету. **(Коммуникативтік дағдыларды дамыту,сөйлеуді дамыту)** | материалдарды жинауға үйретуге жалғастыру. **(Шығармашылық дағдыларды дамыту,сурет салу,жапсыру, мүсіндеу)** |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі Бойынша ұйымдас-тырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру Тақырыбы:** «Аттап өт» **Міндеттері:**Жүру .Заттардан (биіктігі 10-15 см), құрсаудан құрсауға аттап өту дағдысын жетілдіру. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары 1. Қолды алға,жоғары,екі жаққа көтеру/4 рет қайталау/ 2.Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру жәнетүсіру. /4 рет қайталау/ 3. Аяқтың | **Музыка (Маман жоспарына сай)** | **Дене шынықтыру Тақырыбы:** «Құрсаудан аттап өт» **Міндеттері:** Заттардан (биіктігі 10-15 см), құрсаудан құрсауға аттап өту дағдысын жетілдіру. Заттардың арасымен жүгіру дағдысын жетілдіру. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары 1. Қолды алға,жоғары,екі жаққа көтеру/4 рет қайталау/ 2.Шалқасынан | | **Дене шынықтыру (таза ауада) Тақырыбы:** «Кедергілерден өт» **Міндеттері:** Заттардың арасымен жүгіру дағдысын жетілдіру. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары 1.Жүру. 2.Жүгіру. 3.Қолды алға,жоғары,екі жаққа көтеру/4 рет қайталау/ Негізгі іс-қимылдарды орындайды: 1.Заттардың арасымен жүгіру дағдысын жетілдіру. Қим ойын: «Құстар |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бақайларын қимылдату/4 рет қайталау/<br>Негізгі іс-қимылдарды орындайды:<br>1.Жүру.<br>2.Заттардан (биіктігі 10-15 см), құрсаудан құрсауға аттап өту дағдысын жетілдіру.<br>Қим ойын:«Кім епті?»<br>Қорытынды: Бір орында жүру.<br>Бастапқы қалыпқа келу.<br>Балаларды мадақтау | | жатқан қалыпта аяқтарын көтеру жәнетүсіру. /4 рет қайталау/<br>3. Аяқтың бақайларын қимылдату/4 рет қайталау/<br>Негізгі іс-қимылдарды орындайды:<br>1.Заттардан (биіктігі 10-15 см), құрсаудан құрсауға аттап өту дағдысын жетілдіру.<br>2. Заттардың арасымен жүгіру дағдысын жетілдіру.<br>Қим ойын: «Жапалақтар»<br>Қорытынды: Бір орында жүру.<br>Бастапқы қалыпқа келу.<br>Балаларды мадақтау | | мен мысық»<br>Қорытынды: Бір орында жүру.<br>Бастапқы қалыпқа келу.<br>Балаларды мадақтау |
| **Серуенгедайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Ретімен киіну **( ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **( сөйлеуді дамыту,өзін-** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моторианы дамыту)** | | | | |
| **Серуен**<br>-бақылау, зерттеу әрекеті; еңбекке баулу<br>-қимылды ойындар, ұлттық ойындар, спорттық ойындар мен жаттығулар;<br>-балалардың дербес әрекеті; | **Желтоқсан айы №2**<br>**Бақылау:** Бұршақты бақылау.<br>**Мақсаты:** Бұршақ, домалақ ақ түсті болатыны туралы түсінік беру.<br>**Қимылдық ойын:** «Торғайлар».<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Тез шешім қабылдауға үйрету.<br>**Еңбек**: Ағаш түптеріне қар үю.<br>**Мақсаты**: Үйілген қардың маңызын түсіндіре отырып, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа үйрету.<br>**(Әлеуметтік эмоционалды** | **Желтоқсан айы №3**<br>**Бақылау:** Суық торғайды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыс мезгілінде барлық құстардың жылы жаққа ұшып кететінін, ал суықторғайдың бізде мекендеп қалатынын, ол қандай аяз болса да тоңбайтынын, сол себепті суықторғай деп атағанын түсіндіріп көрсету.<br>**Еңбек:** Қар күреу.<br>**Мақсаты:** Қардың жерге қалың түскенін айтып, қарды күрекпен күреу арқылы жол жасап, күректі қалай ұстау керектігін үйрету.<br>**(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды** | **Желтоқсан айы №4**<br>**Бақылау:** Аязды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру.<br>**Еңбек:** Ауладағы қарды күреу.<br>**Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету.<br>**(Әлеуметтік эмоционалды** | **Желтоқсан айы №5**<br>**Бақылау:** Көгершінді бақылау.<br>**Мақсаты:** Балаларға қыстап қалған құстардың бірі – көгершіннің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні, тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Еңбек:**Ауладағы құстарға жем беру.<br>**Мақсаты:** Қыста құстарға тамақ тауып жеу қиын болатындығын | **Желтоқсан айы №6**<br>**Бақылау:** Бүгінгі ауа-райын бақылау**.**Айналадағы адамның қысқы еңбегі.<br>**Мақсаты:** Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру **.**<br>**Тақпақ:** Қыстыгүні таңертең,<br>Ерте оянып жас бала.<br>«Қар» деп сыртқа қарайды,<br>Көңіл бөлмей басқаға.<br>**Қимылды ойын:** «Ақ қоян».<br>**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>**Еңбек:** Ауладағы қарды тазалау.<br>**Мақсаты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дағдыларды қалыптастыру,қоршаған ортамен таныстыру.)**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Қысқа байланысты жұмбақтар жаттату.<br>Қыста ғана болады<br>Ұстасаң қолың тоңады. (Қар).<br>**Мақсаты:** Тілдік қорын дамыту, ойлау қабілетін арттыру.<br>Балаға грамматикалық дұрыс сөйлеу үлгілерін<br>беру. Әдемі де әсерлі сөйлеуге үйрету.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамтыу,көркем әдебиет)** | **қалыптастыру,қоршаған ортамен таныстыру.)**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Торғай,торғай,тоқылдақ<br>Жерден дәнді шұқып -ап<br>Бөтекесі бұлтиып,<br>Шиқ-шиқ етіп отырмақ.<br>**Мақсаты:**Балаларға тақпақ үйрете отырып тіл байлықтарын молайтып,сөздік қорларындамыту.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамтыу,көркем әдебиет)**<br>**Ойын:** «Жақсы жаман».<br>**Мақсаты:**Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге,жаман нәрселерден аулақ болуға,жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу.<br>**(Физикалық** | **дағдыларды қалыптастыру,қоршаған ортамен таныстыру.)**<br>**Қимылдық ойын**:<br>**«**Сырғанақ тебу».<br>**Мақсаты:**<br>Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Жұмбақ.<br>Терезеге қонады,<br>Әсем ою ояды.(Аяз).<br>**Мақсаты:**<br>Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамтыу,көркем** | түсіндіре отырып,<br>оларға жем, нанның қиқымын сеуіп, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру.)**<br>**Жеке жұмыс:**<br>Жылы жаққа ұшпайтын<br>Біздің жақта қыстайтын<br>Құстар жүрсе жуықта,<br>Жем шашуды ұмытпа!<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға тақпақ жаттата отырып, есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының | Балаларды еңбекке ынтасын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққатәрбиелеу.<br>**(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру,қоршаған ортамен таныстыру.)**<br>**Жеке жұмыс**:<br>Жазда таудың басында<br>Қыста аяқ астында,<br>Балмұздақтан аумаған<br>Бұл не тағы расында?(Қар)<br>**Мақсаты:** Балаларға жұмбақ жасыра отырып,<br>жылдам шешім таба білуге, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**(Коммуникативтік дағдыларды дамтыу,көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **дамыту,дене шынықтыру)** | **әдебиет)** | мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу. **(Коммуникатив тік дағдыларды дамтыу,көркем әдебиет)** **Қимылдық ойын**: «Аққала жасау». **Мақсаты:** Балаларға қардың жабысқақтығын, қарды домалақтау әдісін көрсете түсіндіру. **(Физикалық дамыту,дене шынықтыру)** | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б**. ( көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)** | | | | |

<table>
<tr><td></td><td>Артикуляциялық жаттығу<br>Жаңылтпаштар:<br>Зымырап допты ала,<br>Қуады көп бала.</td><td>Артикуляциялық жаттығу<br>Жаттамақтар:<br>Мынау менің атам,<br>Мынау менің әжем,<br>Мынау менің әкем,<br>Мынау менің анам,<br>Мынау мен өзім!</td><td>Артикуляциялық жаттығу<br>Жаңылтпаштар:<br>Лақ бақ,<br>Баптап бақ.</td><td>Артикуляциялық жаттығу<br>Жаттамақтар:<br>Доп,доп,<br>Хлоп,хлоп.<br>Доп жоғалды-<br>Қап,қап,қап!</td><td>Артикуляциялық жаттығу<br>Зымырап допты ала,<br>Қуады көп бала.</td></tr>
<tr><td>Түскі ас</td><td colspan="5">Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау ( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі)<br>Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедулар ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгінііліп қою,көркем сөздерді қолдану,мысалы:<br>Астың алды үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Түскіұйқы</td><td colspan="5">Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау ( тыныш музыка тыңдау). Ертегі айту, кітіп оқу ( көркемдік қызмет)</td></tr>
<tr><td>Тыныш күйге енеді,<br>Мойындарымыз да жайымен.<br>Еркіндеріміз сәл ашылып<br>Дем аламыз жайымен.<br>(әуенмен)</td><td>Қолдарымыз да дем алды,<br>Аяқтарымыз да дем алды.<br>Дем алады барлығы<br>Дем алады барлығы.<br>(әуенмен)</td><td>Кірпіктеріміз айқасты,<br>Көздеріміз жұмылды.<br>Дем аламыз жай ғана,<br>Ұйқыға біз кірістік.<br>(әуенмен)</td><td>Мойын, бас, қол, аяқтар,<br>Ғажайып бір күйге енді.<br>Дем алады барлығы,<br>Тыныш бір күй кешеді.<br>(әуенмен)</td><td>Қолдарымыз да дем алды,<br>Аяқтарымыз да дем алды.<br>Дем алады барлығы,<br>Дем алады барлығы.<br>(әуенмен)<br>(Шығармашылық дағдыларды</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(Шығармашылық дағдыларды дамыту,музыка)** | | **(Шығармашылық дағдыларды дамыту,музыка)** | **(Шығармашылық дағдыларды дамыту,музыка )** | **дамыту,музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Картотека №1 | Картотека №2 | Картотека №18 | Картотека №19 | Картотека №20 |
| **Бесін ас** | Бесінас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау **( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру.Тамақтану мәдениетіне тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау | | | | |
| **Балалардың дербесәрекеті** | **«Жануарларды орналастыр»** **Мақсаты:** Балаларды ойын барысында үстел үсті құрылыс материалдармен таныстыруды жалғастыру. **.(Шығармашылық дағдыларды дамыту,құрастыру)** | **«Қысқы ағаш»** **Мақсаты:**Қаламды қатты қыспай ұстауға,кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алуға,материалдардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру. **(Шығармашылық дағдыларды дамыту,сурет салу,мүсіндеу,жапсыру)** | **«Пазл»** **Мақсаты:** Балаларды ойын барысында үстел үсті құрылыс материалдармен таныстыруды жалғастыру. **(Шығармашылық дағдыларды дамыту,құрастыру)** | **«Қонжықтарды кесеге орналастыр»** **Мақсаты:**Заттарды түсі бойынша өз бетінше салыстыруға мүмкіндік беру. **(Танымдық және зияткелік дағдыларды дамыту,сенсорика)** | **«Көліктерді орналастыр»** **Мақсаты:** Балаларды ойын барысында үстел үсті құрылыс материалдармен таныстыруды жалғастыру. **(Шығармашылық дағдыларды дамыту,құрастыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Балалармен жеке жұмыс,жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстықмәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылыққа білеттерін дамытужәне т. б. (сөйлеудідамыту, математика негіздері) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тисті пішіндегі (дөңгелек,шаршы ) қораптар мен қобдишаларға қақпақтарды таңдай білуге үйрету. **Сабира\Алинур** | Екі-үш сөзден тұратын сөйлемдерді айта алуға үйрету. **Алина\Асылзат** | Түсі өлшемі бойынша заттарды ажырата алуға үйрету. **Амир\Мадина** | Негізгі қимыл түрлерінің бастапқы дағдыларын,өзін е-өзі қызмет көрсету дағдыоарын меңгерту **Бауыржан** | Негізгі төрт түсті ажырата білуге үйрету. **Хамза** |
| **Серуенгедайындық** | **Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау**. Ретімен киіну ( ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау ( сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| **Серуен** | ***Желтоқсан айы* №2** **Бақылау:** Бұршақты бақылау. **Қимылдық ойын:** «Торғайлар». **Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Тез шешім қабылдауға үйрету. | ***Желтоқсан айы* №3** **Бақылау:** Суық торғайды бақылау. **Ойын:** «Жақсы жаман». **Мақсаты:**Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге,жаман нәрселерден аулақ болуға,жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу. | ***Желтоқсан айы* №4** **Бақылау:** Аязды бақылау. **Қимылдық ойын**: «Сырғанақ тебу». **Мақсаты:** Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету. | ***Желтоқсан айы* №5** **Бақылау:** Көгершінді бақылау. **Қимылдық ойын**: «Аққала жасау». **Мақсаты:** Балаларға қардың жабысқақтығын, қарды домалақтау әдісін көрсете түсіндіру. | ***Желтоқсан айы* №6** **Бақылау:** Бүгінгі ауа-райын бақылау**.**Айналадағы адамның қысқы еңбегі. **Қимылды ойын:** «Ақ қоян». **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу. |
| **Балалардың Үйгеқайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру. | | | | |

Тексерілді 11.12.23.

**Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** № 1 «Еркетай» Алға бөбекжай- балабақшасы.

**Топ:** «Балапан» кіші тобы

**Балалардың жасы :** 2 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 11.12 - 15.12. 2023 ж.

**Тәрбиешілері:** А.К.Елубаева, Б.Б. Ақтілеу.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 11.12.23** | **Сейсенбі 12.12.23** | **Сәрсенбі 13.12.23** | **Бейсенбі 14.12.23** | **Жұма 15.12.23** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | *Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдй жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау*Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары ***( сөйлеуді дамыту-көммуникативтті іс –әрекет)*** | | | | |
| | **«Түсіне қарай орналастыр»** **Мақсаты**: ойын ережесін сақтай отырып, түстерді ажыратып өз ойын айта алды. **(сенсорика)** | **«Мұнара құрастырайық** **Мақсаты:** Мұнара шығыршықтарын көлеміне қарай үлкенінен кішісіне қарай құрастыруды үйрету. **(құрастыру)** | **«Тазалықтың достары»** **Мақсаты:**Балалардың сөздік қорын: жеке бас гигиенасы заттарын атауға үйрету.. **(Сөйлеуді дамыту)** | **«Қыс келді»** **Мақсаты:** Тақпақтың мазмұнын түсінді-ру,қайталау арқылы жаттату. **(көркем әдебиет)** | **«Қонжыққа кәмпит таңдауға көмектес»** **Мақсаты:** Пішіндерді атайды, түстерді ажыратады.Қонжықта қандай пішін, сондай пішінді кәмпиттітауып орналастыруға үйренеді. **(Сенсорика)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ата-аналар-мен немесе баланың басқа заңды өкілде-рімен кеңес, әңгімелесу** | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер. | | | | |
| | Ата-аналармен әңгімелесу: Ата-аналарға күнделікті күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулық, мінез-құлық ережелері туралы еске салу**.** | Отбасылық тәрбие туралы жеке кеңестер беру (ауыз екі, жазбаша түрде) | Ата-аналарға арнайы буклеттер жасау арқылы кеңес беру : «Отбасым-ортақ мекенім!» | «Баланың балабақшаға бейімделуі» ата-аналармен жеке әңгімелесу. | «Тазалық - денсаулық кепілі» мәдени-гигиеналық сақтау дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелер жүргізу. |
| **Балалардың дербес әрекеті** ( баяу қимылды ойындар,үстел - үсті ойындары, бейнелеу әреке-ті,кітаптар қа-рау және тағы басқа әрекеттер) | **“Серуен»** Саусақ жаттығуы.<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын: Ұсақ қол моторикасын дамыту. (сөйлеуді дамыту, сенсорика)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес ( *бармақтан бастап санайды)*<br>Серуенге шы саусақтар (*үстел үсті саусақтармен жүреді)*<br>Бір, екі, үш, төрт, бес (*шынашақтан бастап санайды)*<br>Үйге қайта тығылды (*жұмырықтарын түйеді).*<br>«Мұнара» | «Үй жануарларын ата»<br>**Мақсаты:**Балалардың сөздік қорын: үй жануарларын атауға үйрету. (Қоршаған орта)<br>«Көкөніс пе, жеміс пе?»<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын: көгөніс пен жеміс атауларын атауға үйрету. (сөйлеуді дамыту) | «қар жауды»<br>**Мақсаты:**Балаларға қарапайым сызықтарды саусақпен жарма ұнтағына салуды үйрету.<br>(сурет салу)<br>«Тәтті алма»<br>**Мақсаты:** Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: (мүсіндеу) | «Тәрелке»<br>**Мақсаты:**Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: тәрелкені мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету. (мүсіндеу)<br><br>«Ағаштарды қар жапты»<br>**Мақсаты:** Қағазға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті | «Жиһаздарды ата»<br>**Мақсаты:** Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.<br>Үй ішіне қажетті жиһаздарды дұрыс айтуға (дөңгелек үстел, т.б.) үйрету. (сөйлеуді дамыту)<br>«Бауырсақ»<br>**Мақсаты:** Ертегі тыңдауға үйретуге жалғастыру. (көркем әдебиет)<br>«Марблс тастарымен ойын »<br>**Мақсаты:** табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:**Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу) белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу. (қоршаған орта) | | | толықтыру. (сурет салу) | ойнауға мүмкіндік беру. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу (құрастыру) |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Таңертеңгілік жаттығулар **(қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті,физикалық дағдыларын дамыту)**Тұру,жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары. **Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені: №7** | | | | |
| Таңғы ас | **Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау** ( мәдени –гигиеналық дағдылар өзіне-өзі қызмет көрсету; **Еңбек дағдылары** :қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу) **Гигиеналық процедулар** ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнына білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану **Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту) | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу және т. б. Ұйымдастырылған іс әрекетке заттарды дайындауға көмектесу (бірлескен әрекет, кезекшілік) | | | | |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырыл | **Дене шынықтыру Міндеттері: Жүру.** Аяқтың ұшымен жүру дағдысын жетілдіру. | **Музыка.** (Ән жетекшісінің жоспары бойынша) | **Дене шынықтыру Міндеттері: Жүру.** Аяқтың ұшымен жүру дағдысын жетілдіру. | | **Дене шынықтыру**(таза ауада) **Міндеттері: Спорттық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ған, іс-әрекет | **Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.** Заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту дағдысын жетілдіру.<br>**Негізгі бөлім:**<br>Жалпы даму жаттығулары<br>1. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу /4 рет қайталау/<br>2.Б.қ қолды шапалақтау /4 рет қайталау/<br>3. еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. /4 рет қайталау/<br>4.Аяқтың өкшесін алға қою. /4 рет қайталау/<br>Негізгі іс-қимылдарды орындайды:<br>1. Аяқтың ұшымен жүру<br>2. Заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): | | **Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.** Заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту дағдысын жетілдіру.<br>**Негізгі бөлім:**<br>Жалпы даму жаттығулары<br>1. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу /4 рет қайталау/<br>2.Б.қ қолды шапалақтау /4 рет қайталау/<br>3. еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. /4 рет қайталау/<br>4.Аяқтың өкшесін алға қою. /4 рет қайталау/<br>Негізгі іс-қимылдарды орындайды:<br>1. Аяқтың ұшымен жүру<br>2. Заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): | | **жаттығулар.** Шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету.<br>**Негізгі бөлім:**<br>Жалпы даму жаттығулары<br>1. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу /4 рет қайталау/<br>2.Б.қ қолды шапалақтау /4 рет қайталау/<br>3. еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. /4 рет қайталау/<br>4.Аяқтың өкшесін алға қою. /4 рет қайталау/<br>Негізгі іс-қимылдарды орындайды:<br>1. 10-15 сантиметр биіктіктен секіру<br>2. Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрсаудан құрсауға аттап өту<br>Қим ойын:«Допты ұстап алыңдар»<br>Қорытынды: Бір орында жүру.<br>Бастапқы қалыпқа келу.<br>Балаларды мадақтау. | | құрсаудан құрсауға аттап өту<br>Қим ойын:«Допты ұстап алыңдар»<br>Қорытынды: Бір орында жүру.<br>Бастапқы қалыпқа келу.<br>Балаларды мадақтау. | | Ойын: «маған қарай жүгір»,<br>Қорытынды: Бір орында жүру.<br>Бастапқы қалыпқа келу.<br>Балаларды мадақтау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Серуенге дайындық | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Ретімен киіну ( ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау ( сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| Серуен | №8<br>Желді бақылау<br>Мақсаты: желдің бағытын қапалық арқылы анықтау.<br>Сұрақтар:<br>1. Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады?<br>- үй мұржаларынан шыққан түтіннен<br>- қағаздың ұзыншалау кішкентай | Серуен №9<br>Қар тазалушының еңбегін бақылау<br>Мақсаты: аула сыпырушының қыс кезіндегіеңбег, оның жұмысы туралы балалардынтүсінігін толықтыру. | Серуен №10<br>Қысқы ағаштарды бақылау<br>Мақсаты:балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру.<br>Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу. | Серуен №11<br>Қар жинайтын машинаны бақылау<br>Мақсаты: адам еңбегін жеңілдететін машинамен таныстыруды жалғастырып, қоршаған орта білімдерін толықтыру.<br>Тапсырма: «Ауланы | Серуен №12<br>Саябаққа саяхат<br>Мақсаты:қыстың (нышаны) белгілері туралы балалардың білімін анықтап, толықтыра түсу.Балалардың сөз құрамында:қыс,қар, мұз, аяз,қар қырш-қырш еттеді,жалтырайды,жылтылдайды басқа қысқа байланысты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кескінділерінен т.б. жорамалдарынан анықтап білуге болады.<br>2. Қыста жел қандай болады?<br>(қоршаған орта)<br>Көркем сөз<br>Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр.<br>Қимылды ойын: «Әткеншек»<br>Мақсаты: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру.<br>Еңбек: алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою.<br>Мақсаты: суды қатырып, мұз қалпына келтіру, заттың алғашқы күйінен екінші күйге көшіру. | Балғындардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>Тапсырма «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру.<br>Көркем сөз<br>Қолына киіп қолғапты,<br>Ауланы ағай сыпырды.<br>Тазалап қарды мұздарды,<br>Бәрімізге ол жол ашты.<br>(көркем әдебиет)<br>Еңбек: аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпруға көмектесу.<br>Мақсаты: | Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету.<br>Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.<br>Сұрақтар:<br>1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз?<br>2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады?<br>3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас?<br>4. Ордың айырмашылығы қандай?<br>(қоршаған орта)<br>Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны.<br>Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр»<br>Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.<br>(дене шынықтыру)<br>Еңбек: ағаштардың | тазалаушының еңбегін қалай жеңлдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру.<br>Сұрақтар:<br>1. Бұл машинаның аты қалай?<br>2. Ол не істейді?<br>3. Ол қарды қалай жинайды?<br>4. Балалар сендер адам еңбегін жеңілдететін тағы қандай машиналарды білесіңдер?<br>Көркем сөз:<br>Кәне, кімнің бойы ұзын,<br>Паровозы ол поездың.<br>Қатар-қатар тұратың<br>Поезды біз құрайық.<br>Қимылды ойын: «Аңшы мен коян»<br>Мақсаты:нысаңаға затты лақтырып тигізу, | сөздер қолдану.Балаларды табиғаттың қамқоршысы,жанашы ры етіп тәрбиелеу.<br>Тапсырма: «Қыс кемпірдің бұзықтығы» атты тақырыпта шағын әнгіме құрастыру,қыстың жағымды,жағымсыз құбылыстары туралы.<br>Көркем сөз:<br>Ақ қар жауды,<br>Енді аппақ жер өңі<br>Қардаң таулар<br>Көлеңкесін көреді.<br>Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз»<br>Мақсаты: тез жүгіруге,жүгірген баланы тез ұстап алуға жатықтыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ересек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге деген балалардың ынтасын қолдап, еңбекке баулу.<br>Қимылды ойын: «Сауыққойлар» (қысқы спорт ойындары.) (дене шынықтыру) | түбін қармен жабу.<br>Мақсаты: қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру.<br>Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. | жугіру,өрмелеп жоғары шыға білу.<br>Еңбек:гүлзарға,ыдысқа түрлі-түсті мұзды қатырып қою.<br>Мақсаты:балалардың эстетикалық танымдарын арттыру.Айналаны әсем етіп көріктендіру. | |
| Серуеннен оралу | Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б. ( көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі) | | | | |
| | Артикуляциялық жаттығу<br>Жаңылтпаштар:<br>Зымырап допты ала,<br>Қуады көп бала. | Артикуляциялық жаттығу<br>Жаттамақтар:<br>Мынау менің атам,<br>Мынау менің әжем,<br>Мынау менің әкем,<br>Мынау менің анам,<br>Мынау мен өзім! | Артикуляциялық жаттығу<br>Жаңылтпаштар:<br>Лақ бақ,<br>Баптап бақ. | Артикуляциялық жаттығу<br>Жаттамақтар:<br>Доп,доп,<br>Хлоп,хлоп.<br>Доп жоғалды-<br>Қап,қап,қап! | Артикуляциялық жаттығу<br>Зымырап допты ала,<br>Қуады көп бала. |
| Түскі ас | **Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау** ( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі)<br>**Кезекшілердің жұмысы** (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Гигиеналық процедулар** ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану,мысалы:<br>Астың алды үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>**Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау ( тыныш музыка тыңдау). Ертегі айту, кітіп оқу ( көркемдік қызмет) | | | | |
| | Тыныш күйге енеді,<br>Мойындарымыз да жайымен.<br>Еркіндеріміз сәл ашылып<br>Дем аламыз жайымен.<br>(әуенмен) | Қолдарымыз да дем алды,<br>Аяқтарымыз да дем алды.<br>Дем алады барлығы<br>Дем алады барлығы.<br>(әуенмен) | Кірпіктеріміз айқасты,<br>Көздеріміз жұмылды.<br>Дем аламыз жай ғана,<br>Ұйқыға біз кірістік.<br>(әуенмен) | Мойын, бас, қол, аяқтар,<br>Ғажайып бір күйге енді.<br>Дем алады барлығы,<br>Тыныш бір күй кешеді.<br>(әуенмен) | Қолдарымыз да дем алды,<br>Аяқтарымыз да дем алды.<br>Дем алады барлығы,<br>Дем алады барлығы.<br>(әуенмен) |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары | Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары ( дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру) ( дене белсенділігі) | | | | |
| | Картотека№1 | Картотека№2 | Картотека№3 | Картотека№4 | Картотека№5 |
| Бесін ас | Бесінас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау **( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру.<br>Тамақтану мәдениетіне тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар | « көлік дөңгелектері<br>**Мақсаты**:<br>Машинаның түсіне сай дөңгелектерін | «Тостағ ан»<br>**Мақсаты:**<br>Қарапайым | «Төлін тап»<br>**Мақсаты:** Үй жануарларының төлдерін тауып | «Әжемнің орамалы»<br>**Мақсаты**: дөңгелек пішіндермен ора-малды безендіру. | «Менің үйім»<br>**Мақсаты**: Балаларды пішіндермен (үшбұрыш,шаршы)та |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ,үстел-үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.) | орналастыру (жапсыру)<br>«Пингвин»Марблс тастарымен ойын<br>**Мақсаты:**.Баланың зейінін,есте сақтауын дамыту,<br>"Қуыршаққа үй"<br>**Мақсаты:** .Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.<br>(құрастыру)<br><br>«Ән айтайық»<br>**Мақсаты**: Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.<br>(музыка) | және күрделі пішінді заттарды мүсін-деудің техника-лық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостаған-ды, табақты мү-сіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету<br>(мүсіндеу)<br>«Үй құрастыра-йық»**Мақсаты :**<br>Балаларды бей-нелерді фланеле-графта (сызық-тарда, шаршыда), қағаз бетіне қо-йып, құрастыруға, кескінді конс-труктивті тәсіл-мен | орналастыру.Үй жануарлары және олардың төлдерімен таныстыру<br>(Сөйлеуді дамыту, Қоршаған орта)<br><br>«Қызыл телпек»ертегі<br>Мақсаты: Балаларды ертегі тыңдауға үйрету,қызығушылықтарын ояту.<br>(көркем әдебиет) | (жапсыру)<br><br>«Тастан үй құрастырайық»<br>Мақсаты: табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.<br>(құрастыру)<br><br>«Сылдырмақ»<br>Мақсаты:Сылдырмақпен ойын қимылдарын,түрлі қимылдарды жасауға үйрету.<br>(музыка) | ныстыру.Үйді геометриялық пішіндерден (үшбұрыш,шаршы) құрастыруды үйрету.<br>(жапсыру)<br><br>«Көліктер»<br>Мақсаты:Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу) белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу.<br>(қоршаған орта) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жасауға (же-келеген бөліктер-ден), ересектер-мен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. (жапсыру) | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | Балалармен жеке жұмыс, жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) | | | | |
| | дене жаттығуларын орындауға ықылас танытуға, ересектердің көмегімен өзін ретке келтіруге үйрету (Сабира,Карим) | қарапайым сөз тіркестерін түсініп, екі сөзден тұратын сөйлемді айта алуға үйрету. (Амир,Арслан) | заттармен әртүрлі әрекеттер орындай білуге дағдыландыру. (Арлан,Бауыржан) | ермексазды, сазбалшықты алақан арасында домалата ала білуге үйрету. (Ибрахим,Асылзат) | құрдастарына және ересектерге мейірімділік таныта білуге үйрету. (Медина,Алинур) |
| Серуенге дайындық | **Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау**. Ретімен киіну ( ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау ( сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| Серуен | Ойын алаңдарын тазлау ( еңбек қызметі). Еркін ойындар ойнату | | | | |
| | Серуен №15 Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. | Серуен №16 Кемпірқосақты бақылау . | Серуен №17 Ауа-райын бақылау. | Серуен №18 Көгершінді бақылау. | Серуен №19 Күзгі көріністі бақылау. |
| Балалардың үйге қайтуы | Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру. | | | | |

***ТАҢҒЫ ЖАТТЫҒУ КЕШЕНІ №8***
***Желтоқсан айы***
***Кіріспе бөлімі:***

*Бірінің артынан бірі сапқа тұру.*
*Денені тік ұстау.*
*Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру.*
*Шеңбер бойымен тұру.*
*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*
*Б.қ.: «Тик-так» Аяқтары алшақ , қолдары белде. «Тик» сөзін айтып басты оңға қисайту , «так» сөзін айтып басты тік ұстау, басты солға қисайтып қайталау. (6 рет қайталау)*
*Б. Қ.: «Иықтың жүруі» Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /6 рет қайталау/*
*Б. Қ.: «Ағаштар тербеледі» Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу. /6 рет қайталау/*
*Б.қ.: «Күнге жетемін» Орнында тұрып секіру. (10-15 секунд)*
*Қорытынды: Шеңбер бойы жүру. Адымдап жүру.*

Тексерілді 19.12.23.

# Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**Білім беру ұйымы**: №1 «Еркетай» Алға бөбекжай- балабақшасы
**Топ**: «Балапан» кіші тобы
**Балалардың жасы**: 2 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 19.12 - 22. 12. 2023 оқу жылы

| **Күн тәртібінің үлгісі** | | **Сейсенбі**<br><br>**19.12.23** | **Сәрсенбі**<br><br>**20.12.23** | **Бейсенбі**<br><br>**21.12.23** | **Жұма**<br><br>**22.12.23** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардықабылдау** | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу**.** Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары | | | | |
